Проектируемый объект «План горных по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 5 участках, расположенных на землях административно-территориального подчинения г. Жезказган («№1-Р», «№2-Р») и в Улытауском районе («№8-Р», «№57-Р», «№402») областиҰлытау, используемые для строительства автоблокировки на участке Кызылжар-Саксаульская относится к общераспространенным полезным ископаемым». Көзделіп отырған қызмет туралы өтініш бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Жиынтық кесте жасалған күні: 27.10.2026 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, бульвар Ғарышкерлер 15, «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ұлытау облысы бойынша экология департаменті» РММ

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: «Ұлытау облысы бойынша экология департаменті» РММ

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 29.09.2026 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 29.09.2026 ж. – 19.10.2026 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган және жұртшылық	Ескерту немесе ұсыныстар	Ескерту немесе ұсыныс қалай ескерілгені немесе ескерту немесе ұсыныс ескерілмегені туралы мәліметтер
1.	«Ұлытау ауданы әкімінің аппараты» ММ	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
2.	«Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ	1.Жоспарланған қызметті жүзеге асыру кезінде атмосфералық ауаға, топыраққа, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне теріс әсер ету қаупін жою қажет. 2. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 17-баптарының талаптарын сақтау қажет. 3. Қазақстан Республикасы Экологияқ кодексінің 238-бабының 1-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалар жерді пайдалану кезінде жердің ластануына, жер бетінің қоқыстануына, топырақтың тозуына және құнарсыздануына жол бермеуге тиіс, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатының біржола жоғалуын болғызбау үшін қажет болған жағдайда оны алуды және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Жоғарыда аталған талаптарды жүзеге асыру бойынша шараларды қамтамасыз ету. 4. Жоспарлы жұмыстарды орындау кезінде жақын маңдағы елді мекенге қатысты желдің көтерілуін ескеру қажет. 5. Қоршаған ортаға қолайсыз әсер етудің ықтимал нысандарын болдырмау, жою және азайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету , сондай-ақ оның зардаптарын жою, атмосфералық ауаны қорғау, су экожүйелеріне әсер етуден қорғау, су объектілерін қорғау, жерді қорғау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, қалдықтармен жұмыс істеу, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік, басқару жүйелерін және қолжетімді озық технологияларды енгізу.	
3.	ҚР ӨжҚМ ҚПҚ бойынша жер қойнауын пайдалану департаменті	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
4.	«Су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы» РММ	Қазақстан Республикасы Су кодексінің 24-бабына сәйкес, Инспекцияның функцияларына құрылыс қызметін, орман өсіруді, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, ұңғымаларды бұрғылауды, жерүсті су объектілерін сауықтыруды, балық шаруашылығы мелиорациясын, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде ауыл шаруашылығы және өзге де жұмыстарды келісу жатады. Төменде көрсетілген координаттарға сәйкес:	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Улытау»\ААхметжан Е.Г.

		Аумағы – 3,00 га: 1. С.Е. 47° 40' 30,90", Ш.Б. 64° 39' 08,17 "; 2. С.Е. 47° 40' 25,88", Ш.Б. 64° 39' 14,17"; 3. С.Е. 47° 40' 22,00", Ш.Б. 64° 39' 09,00"; 4. С.Е. 47° 40' 24,00", Ш.Б. 64° 39' 07,00"; 5. С.Е. 47° 40' 27,00", Ш.Б. 64° 39' 03,50"; қарастырылып отырған учаске су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шегінен тыс орналасқан. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 92-бабының 5-тармағына сәйкес, ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары кен орындары мен учаскелерінің контурлары шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, радиоактивті және химиялық қалдықтарды көму орындарын, полигондарды, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суларының жай-күйіне әсер ететін өзге де объектілерді орналастыруға тыйым салынады. Осыған байланысты, Инспекцияның келісімін алу қажеттілігі мәселесін қарау үшін уәкілетті жер қойнауын зерттеу және пайдалану органының тарапынан аталған учаскеде жерасты сулары кен орындарының контурларының бар немесе жоқ екендігі туралы ақпарат ұсыну қажет. Қосымша хабарлаймыз, жерүсті немесе жерасты су объектілерінен су алу, сондай-ақ сарқынды суларды ағызу жүзеге асырылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Су кодексінің 45, 46-баптарына сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсат алу қажет.	
5.	«Ұлытау облысы бойынша орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 73-бабы 7-тармағына сәйкес, Инспекция мәлімделген ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына өз ұсыныстарын ұсынады: 1. Жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман қорына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне теріс әсер ету қаупін жою қажеттілігін; 2. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12 және 17-баптары және Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 240, 241, 242, 245, 246, 257, 260, 262, 263, 266 баптарының сақталуын; 3. Қоршаған ортаға ықтимал жағымсыз әсерлердің алдын алу, жою және азайту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ олардың зардаптарын жоюды қамтамасыз ету: атмосфералық ауаны қорғау, су экожүйелеріне және су объектілерін қорғауға әсер етуден қорғау, жерді қорғау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауды. Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген талаптар қатаң түрде сақталған жағдайда, Инспекция тарапынан, «Integra Construction KZ» ЖШС ықтимал әсер ету туралы есептің жобасына қосымша ұсыныстар мен ескертулер жоқ екендігін хабарлайды.	
6.	«Ұлытау облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
7.	«Ұлытау облысының ветеринария басқармасы» ММ	Қазу жұмыстарын немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу алдында, белгіленген жердің нақты координаттарын (Солтүстік ендік, Шығыс бойлық) көрсете отырып, жоспарланған аумақтың 1000 метр қашықтықта Сібір жарасы көміндісі және мал қорымдарының орналасуы туралы ақпарат алу үшін басқармаға жүгіну керек екендігін жеткізеді.	
8.	«Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
9.	«Ұлытау облысының санитарлық-эпидемиологиялық	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып	

ГУ «Аппарат акима Улытауской области» Адамжан Е.Б.

	бақылау департаменті» РММ	табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары талаптарын, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығының талаптарын, «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауасының гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығының талаптарын және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарын сақталуын ұсынамыз. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 80-бабының 5-тармағына және 91-бабының 1-тармағына сәйкес, Сіз әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылысыз.	
10.	«Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігі» ММ	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
11.	«Өнеркәсіптік қауіпсіздік Комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті» РММ	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	
12.	«Ұлытау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті» ММ	«Integra Construction KZ» ЖШС қауіпті өндірістік нысан ретінде (және қауіпті техникалық құрылғылар болған жағдайда есепке қою) Ұлытау облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелмеген. Қауіпті өндірістік нысанды есепке қоюға қатысты талаптар ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 20) тармақшасында, 70, 71 және 77- баптарында, сондай-ақ қауіпті өндірістік нысандар мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларында көрсетілген. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығымен бекітілген. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24574 болып тіркелген, 2023 жылғы 14 шілдедегі № 382 өзгерістерімен. Сонымен қатар, «Қызылжар–Сексеуіл учаскесінде автоблокировка жүйесін салу үшін пайдаланылатын Ұлытау облысының Жезқазған қаласына әкімшілік- аумақтық бағынысты жерлерінде орналасқан («№1-Р», «№2-Р») және Ұлытау ауданының аумағында орналасқан («№8-Р», «№57-Р», «№402») 5 учаскедегі кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобаланатын объектісі жобасы өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлігінде Ұлытау облысы бойынша уәкілетті органда қаралмаған. Аталған жобаға және болашақ жоспарлар үшін келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алуды ұсынамыз:	
13.	«Ұлытау облысы бойынша экология департаменті» РММ	1. Жобалаудың кейінгі кезеңінде Қазақстан Республикасының Су кодексі (бұдан әрі – ҚР СК) 80-бабы 2-тармағының 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Су шаруашылығы ұйымдары су объектілерінің ластануын, бітелуін және сарқылуын, сондай-ақ сулардың зиянды әсерін болдырмайтын шараларды қабылдауға міндетті». 2. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 120-бабы 8-тармағының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Жер асты суларын пайдалануға байланысты су алу құрылыстарын орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде олардың жер үсті су	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау» ААЖ Ажмаджан Т.Б.

		объектілеріне және қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмайтын шаралар көзделуге тиіс». 3. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 88-бабы 1-тармағының 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Жобаларда көзделген жерлерді су басуды, су астында қалуды, батпақтануды және сортаңдануды, сондай-ақ топырақ эрозиясын болдырмайтын іс-шаралар жүргізілгенге дейін суару, суландыру және құрғату жүйелерін, су қоймаларын, бөгеттерді, арналарды және басқа да гидротехникалық құрылыстарды пайдалануға беруге тыйым салынады». 4. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 88-бабы 1-тармағының 6) тармақшасының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Су алу және өзге де гидротехникалық құрылыстарды санитариялық қорғау аймақтары мен су объектілері және су шаруашылығы құрылыстары жай-күйінің көрсеткіштерін бақылау пункттері белгіленбейінше пайдалануға беруге тыйым салынады». 5. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 104-бабы 2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Су объектілеріндегі гидроэнергетикалық және гидротехникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдар мыналарды қамтамасыз етуге міндетті: • ауыз сумен жабдықтаудың басымдығын сақтай отырып, су қоймаларын толтыру мен босатудың белгіленген режимін; • өзендердің жайылмалары мен атырауларында балық ресурстарын сақтау және молықтыру үшін маңызды маңызы бар өзендер мен су қоймалары учаскелерінде балық шаруашылығының қажеттіліктерін; • белгіленген табиғат қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық және авариялық су жіберулерді жүзеге асыруды». 6. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 112-бабы 5-тармағының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарды сақтауға және су объектілерін ластанудан, бітелуден және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, технологиялық, орман-мелиорациялық, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және өзге де іс-шараларды жүргізуге міндетті». 7. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР СК-нің 125-бабы 3-тармағының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында (су қорғау белдеулерін қоспағанда) жаңа объектілерді (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникацияларын) жобалау, салу және орналастыру, сондай-ақ алып жатқан жер учаскелері су қорғау аймақтары мен белдеулеріне немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылғанға дейін салынған қолданыстағы объектілерді реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, бейінін өзгерту) бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, ветеринария саласындағы уәкілетті органмен, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісілуге тиіс. Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларымен айқындалады. Сел қаупі бар су объектілерінде осыған ұқсас қызмет	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау»АА жилкин Е.Б.

		азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен, ал кеме қатынасы су жолдарында – су көлігі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі». 8. Жобалаудың кейінгі кезеңінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (бұдан әрі – ҚР ЭК) 245-бабы 3-тармағының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Теміржол жолдарын, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, байланыс желілерін, жел электр станцияларын, сондай-ақ арналарды, бөгеттерді және өзге де гидротехникалық құрылыстарды орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлардың көші-қон жолдарын сақтауды және олардың қырылуын болдырмауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленуге және жүзеге асырылуға тиіс». 9. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР ЭК-нің 245-бабы 5-тармағының талаптарын орындау үшін шаралар мен іс-шаралар көзделуі қажет: «Су объектілеріндегі гидротехникалық және өзге де құрылыстарды пайдалану, су объектілерінің гидрологиялық режимін және олардан су тұтыну режимін белгілеу, сондай-ақ жабайы жануарлардың мекендеу ортасының жай-күйіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін өзге де қызмет жануарлар дүниесін қорғау талаптарын, балық және аңшылық шаруашылықтарының мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс». 10. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР ЭК-нің 72-бабының талаптарына сәйкес габиондарға қатысты мынадай талаптарды көздеу қажет: • температуралық режимге төзімділігі; • тор негізінің беріктігі; • коррозияға төзімділігі. 11. Жобалаудың кейінгі кезеңінде ҚР ЭК-нің 320-бабы 2-тармағының талаптарын ескеру қажет. Қалдықтарды жинақтау орындары: • қалдықтар түзілген жерде оларды жинаған (мамандандырылған ұйымдарға берген) немесе қалпына келтіру не жою операцияларына жіберген күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға; • қауіпті емес қалдықтарды жинау процесінде (контейнерлерде, тиеу-түсіру және сұрыптау станцияларында), пайдаланудан шыққан көлік құралдарын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, үш айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға; • қалдықтар қалпына келтіру немесе жою операцияларына жіберілгенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге олар жойылатын немесе қалпына келтірілетін объектіде уақытша сақтауға арналған. Пайдаланудан шыққан көлік құралдары және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін оларды жинау процесінде уақытша сақтау мерзімі алты айдан аспауға тиіс.	
14.	Жұртшылық	Белгіленген қызметке қатысты осы жоба бойынша ұсыныстар мен ескертулер ұсынылған жоқ.	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау» Ахметкан Е.Б.

Сводная таблица предложений и замечаний по заявлению о намечаемой деятельности Проектируемый объект «План горных по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 5 участках, расположенных на землях административно-территориального подчинения г. Жезказган («№1-Р», «№2-Р») и в Ұлытауском районе («№8-Р», «№57-Р», «№402») областиҰлытау, используемые для строительства автоблокировки на участке Кызылжар-Саксаульская относится к общераспространенным полезным ископаемым».

Дата составления протокола: 27.10.2026 г.

Место составления протокола: область Ұлытау, город Жезказган, бульвар Гарышкерлер 15, РГУ «Департамент экологии по области Ұлытау Комитета Экологического регулирования и контроля Министерства Экологии и природных ресурсов Республики Казахстан»

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды:
РГУ «Департамент экологии по области Ұлытау»

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 29.09.2026 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов, наименование проекта намечаемой деятельности: 29.09.2026 г. – 19.10.2026 г.

Обобщение замечаний и предложений заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованные государственные органы и общественность	Замечание или предложение	Сведения о том, каким образом замечание или предложение было учтено, или причины, по которым замечание или предложение не было учтено
1.	ГУ «Аппарат акима Улытауского района»	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
2.	ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау»	1. При осуществлении намечаемой деятельности необходимо исключить риск для негативного воздействия атмосферного воздуха, почв, животного и растительного мира. 2. Необходимо соблюдать требования статей 15 и 17 Закона Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира». 3. В соответствии п1. ст.238 Экологического Кодекса РК физические и юридические лица при использовании земель не должны допускать загрязнение земель, захламление земной поверхности, деградацию и истощение почв, а также обязаны обеспечить снятие и сохранение плодородного слоя почвы, когда это необходимо для предотвращения его безвозвратной утери. Предусмотреть мероприятия по исполнению выше указанных требований. 4. При проведении планируемых работ учитывать розу ветров по отношению к ближайшему населенному пункту. 5. Предусмотреть внедрение мероприятий по предупреждению, исключению и снижению возможных форм неблагоприятного воздействия на окружающую среду, а также по устранению его последствий, охрана атмосферного воздуха, охрана от воздействия на водные экосистемы, охрана водных объектов, охрана земель, охрана животного и растительного мира, обращение с отходами, радиационная, биологическая и химическая безопасность, внедрение систем управления и наилучших доступных технологий.	
3.	Департамент недропользования по ТПИ МПиС РК	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
4.	РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая инспекция по регулированию использования и охране водных ресурсов»	В соответствии со статьей 24 Водного кодекса Республики Казахстан, в функции Инспекции входит согласование строительной деятельности, лесоразведения, операций по недропользованию, бурения скважин, оздоровления поверхностных водных объектов, рыбохозяйственной мелиорации, а также	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау»\ААхметжан Г.Б.

		сельскохозяйственных и иных работ на водных объектах, в водоохранных зонах и полосах. Согласно представленным ниже координатам: Площадь – «3,00га»: 1. С.Ш. 47° 40' 30,90", В.Д. 64° 39' 08,17 "; 2. С.Ш. 47° 40' 25,88", В.Д. 64° 39' 14,17"; 3. С.Ш. 47° 40' 22,00", В.Д. 64° 39' 09,00"; 4. С.Ш. 47° 40' 24,00", В.Д. 64° 39' 07,00"; 5. С.Ш. 47° 40' 27,00", В.Д. 64° 39' 03,50"; рассматриваемые участки расположен за пределами границ водоохранных зон и полос водных объектов. В соответствии с пунктом 5 статьи 92 Водного кодекса Республики Казахстан, в пределах контуров месторождений и участков подземных вод, используемых или которые могут быть использованы для питьевого водоснабжения, запрещается проведение операций по недропользованию, размещение мест захоронения радиоактивных и химических отходов, полигонов, кладбищ, скотомогильников (биотермических ям) и иных объектов, оказывающих влияние на состояние подземных вод. В связи с этим, для рассмотрения вопроса о необходимости получения согласования Инспекции необходимо представить информацию со стороны уполномоченного органа по изучению и использованию недр о наличии или отсутствии контуров месторождений подземных вод на данном участке. Дополнительно сообщаем, что в случае осуществления забора воды из поверхностных или подземных водных объектов, а также сброса сточных вод, в соответствии со статьями 45, 46 Водного кодекса Республики Казахстан необходимо получить разрешение на специальное водопользование.	
5.	РГУ «Территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира по области Ұлытау»	В соответствии с пунктом 7 статьи 73 Экологического кодекса Республики Казахстан (далее — Кодекс) Инспекция представляет следующие предложения к проекту отчёта о возможных воздействиях: 1. Необходимость исключения риска негативного воздействия на государственный лесной фонд, растительный и животный мир при осуществлении планируемой деятельности. 2. Соблюдение статей 12 и 17 Закона Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира», а также статей 240, 241, 242, 245, 246, 257, 260, 262, 263 и 266 Экологического кодекса Республики Казахстан. 3. Обеспечение выполнения мероприятий по предупреждению, устранению и снижению возможного негативного воздействия на окружающую среду, а также по ликвидации его последствий, в том числе: - охрана атмосферного воздуха; - защита водных экосистем и охрана водных объектов от негативного воздействия; - охрана земель; - охрана растительного и животного мира. В связи с изложенным Инспекция сообщает, что при условии строгого соблюдения вышеуказанных требований дополнительных предложений и замечаний к проекту отчёта о возможных воздействиях ТОО «Integra Construction KZ» не имеется.	
6.	ГУ «Управление сельского хозяйства и земельных отношений области Ұлытау»	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
7.	ГУ «Управление ветеринарии области Ұлытау»	Перед началом проведения земляных или строительных работ необходимо обратиться в управление для получения информации о наличии в радиусе 1000 метров от планируемого участка захоронений сибирской язвы и скотомогильников, с указанием	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау \ Адилжан Е.Б.

		точных координат участка (северная широта, восточная долгота).	
8.	ГУ «Управление культуры, развития языков и архивного дела области Ұлытау»	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
9.	РГУ «Департамент санитарно-эпидемиологического контроля области Ұлытау»	Рекомендуем соблюдать требования санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к санитарно-защитным зонам объектов, являющихся объектами воздействия на среду обитания и здоровье человека», утверждённых приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 января 2022 года № ҚР ДСМ-2, требования приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 февраля 2022 года № ҚР ДСМ-15 «Об утверждении гигиенических нормативов к физическим факторам, оказывающим воздействие на человека», требования приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан от 2 августа 2022 года № ҚР ДСМ-70 «Об утверждении гигиенических нормативов атмосферного воздуха в городских и сельских населённых пунктах», а также требования санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к сбору, использованию, применению, обезвреживанию, транспортировке, хранению и захоронению отходов производства и потребления», утверждённых приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-331/2020. В соответствии с пунктом 5 статьи 80 и пунктом 1 статьи 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 350-VI Вы вправе обжаловать административный акт, административное действие (бездействие) в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.	
10.	ГУ «Министерство промышленности и строительства РК»	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
11.	ГУ «Управление предпринимательства и промышленности по области Ұлытау»	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	
12.	ГУ «Департамент по чрезвычайным ситуациям области Ұлытау»	ТОО «Integra Construction KZ» на учете как опасный производственный объект (и при наличии опасных технических устройств постановка на учет) в территориальном подразделении уполномоченного органа в области промышленной безопасности по области Ұлытау не зарегистрирован. Данные требования для опасного производственного объекта указаны в п.п.20) п.3 ст.16, ст.70, ст.71 и ст.77 Закона РК «О гражданской защите» и Правил постановки на учет и снятия с учета опасных производственных объектов и опасных технических устройств. Приказ Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан от 29 сентября 2021 года № 485. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 30 сентября 2021 года № 24574, с внесенными изменениями от 14.07.2023 № 382. Проектируемый объект «План горных по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 5	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау» Адилжан Е.Б.

		участках, расположенных на землях административно-территориального подчинения г. Жезказган («№1-Р», «№2-Р») и в Ұлытауском районе («№8-Р», «№57-Р», «№ 402») области Ұлытау, и в Ұлытауском районе («№8- Р», «№57-Р», «№ 402») области Ұлытау, используемые для строительства автоблокировки на участке Кызылжар-Саксаульская, не рассматривался в части промышленной безопасности в уполномоченном органе по области Ұлытау. Рекомендуем для настоящего проекта и на перспективе руководствоваться следующими нормативными документами: 1. Кодекс Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» от 27 декабря 2017 года № 125-VI ЗРК; 2. Экологический Кодекс Республики от 2 января 2021 года №400-VI ЗРК; 3. Водный кодекс Республики Казахстан от 09 апреля 2025 года №178-VIII ЗРК. 4. Закон Республики Казахстан «О Гражданской защите» от 11 апреля 2014 года № 188-V ЗРК; 5. «Правила обеспечения промышленной безопасности для опасных производственных объектов, ведущих горные и геологоразведочные работы» Приказ Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 352.	
13.	РГУ «Департамент экологии по области Ұлытау»	1.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований пп.4 п.2 ст.80 Водного Кодекса Республики Казахстан (далее – ВК РК), «Водохозяйственные организации обязаны принимать меры, предотвращающие загрязнение, засорение и истощение водных объектов и вредное воздействие вод». 2.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований п.8 ст.120 ВК РК, «При размещении, проектировании, строительстве, вводе в эксплуатацию водозаборных сооружений, связанных с использованием подземных вод, должны быть предусмотрены меры, предотвращающие их вредное влияние на поверхностные водные объекты и окружающую среду». 3.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований пп.4 п.1 ст.88 ВК РК, «Запрещается ввод в эксплуатацию оросительных, обводнительных и осушительных систем, водохранилищ, плотин, каналов и других гидротехнических сооружений до проведения предусмотренных проектами мероприятий, предотвращающих затопление, подтопление, заболачивание и засоление земель и эрозию почв». 4.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований пп.6 п.1 ст.88 ВК РК, «Запрещается ввод в эксплуатацию водозаборных и иных гидротехнических сооружений без установления зон санитарной охраны и пунктов наблюдения за показателями состояния водных объектов и водохозяйственных сооружений». 5.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований пп.1, пп.2 и пп.4 п.2 ст.104 ВК РК, «Организации, эксплуатирующие гидроэнергетические и гидротехнические сооружения на водных объектах, обязаны обеспечить: •установленный режим наполнения и сработки водохранилищ, соблюдая при этом приоритет питьевого водоснабжения;	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау» Абишкан Е.Б.

		•потребность рыбного хозяйства на участках рек и водохранилищ, имеющих важное значение для сохранения и воспроизводства рыбных ресурсов в поймах и дельтах рек; •осуществление установленных природоохранных, санитарно-эпидемиологических и аварийных попусков». 6.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований п.5 ст.112 ВК РК, «Физические и юридические лица, деятельность которых влияет на состояние водных объектов, обязаны соблюдать экологические требования, установленные экологическим законодательством Республики Казахстан, и проводить организационные, технологические, лесомелиоративные, агротехнические, гидротехнические, санитарно-эпидемиологические и другие мероприятия, обеспечивающие охрану водных объектов от загрязнения, засорения и истощения». 7.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований п.3 ст.125 ВК РК, «Проектирование, строительство и размещение на водных объектах и (или) водоохранных зонах (кроме водоохранных полос) новых объектов (зданий, сооружений , их комплексов и коммуникаций), а также реконструкция (расширение, модернизация, техническое перевооружение, перепрофилирование) существующих объектов, возведенных до отнесения занимаемых ими земельных участков к водоохранным зонам и полосам или иным особо охраняемым природным территориям, согласовываются с бассейновыми инспекциями, уполномоченным государственным органом в области охраны окружающей среды, уполномоченным органом по изучению недр, государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, уполномоченным органом в области ветеринарии, местными исполнительными органами области (города республиканского значения, столицы). Порядок согласования определяется правилами организации застройки и прохождения разрешительных процедур в сфере строительства, утвержденными в соответствии с законодательством Республики Казахстан об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности. Та же деятельность на водных объектах, представляющих потенциальную селевую опасность, согласовывается с уполномоченным органом в сфере гражданской защиты, а на судоходных водных путях - с уполномоченным органом по вопросам водного транспорта». 8.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований п.3 ст.245 Экологического Кодекса Республики Казахстан (далее – ЭК РК), «При размещении, проектировании и строительстве железнодорожных путей, автомобильных дорог, магистральных трубопроводов, линий связи, ветровых электростанций, а также каналов, плотин и иных гидротехнических сооружений должны разрабатываться и осуществляться мероприятия, обеспечивающие сохранение путей миграции и предотвращение гибели животных». 9.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть меры и мероприятия во исполнение требований п.5 ст.245 ЭК РК, «Эксплуатация гидротехнических и иных сооружений на водных	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Улытау \Адильхан Е.Б.

		объектах, установление гидрологического режима водных объектов и режима водопотребления из них, а также иная деятельность, которая влияет или может повлиять на состояние среды обитания диких животных, должны осуществляться с учетом требований охраны животного мира, интересов рыбного и охотничьего хозяйств». 10.В последующей стадии проектирования необходимо предусмотреть мероприятие по габионов, согласно требований ст.72 ЭК РК, а именно: •устойчивость к температурному режиму; •устойчивость основы сетки; •устойчивость к коррозий. 11.В последующем этапе проектирования необходимо учесть требования п.2 ст.320 ЭК РК, места накопления отходов предназначены для: •временного складирования отходов на месте образования на срок не более шести месяцев до даты их сбора (передачи специализированным организациям) или самостоятельного вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению; •временного складирования неопасных отходов в процессе их сбора (в контейнерах, на перевалочных и сортировочных станциях), за исключением вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники, на срок не более трех месяцев до даты их вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению; •временного складирования отходов на объекте, где данные отходы будут подвергнуты операциям по удалению или восстановлению, на срок не более шести месяцев до направления их на восстановление или удаление. Для вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники срок временного складирования в процессе их сбора не должен превышать шесть месяцев.	
14.	Общественность	Касательно намечаемой деятельности, предложений и замечаний по данному проекту не представлены.	

ГУ «Аппарат акима Улытауского района области Ұлытау \Ахметжан Е.Б.